# БІЛІМ ШЫҢЫ-
## ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ

№ 7 (81)
шілде 2022

WWW.BILIMSHINI.KZ



*АБЛАЕВА Дана Умиралиевна,*
*Шымкент қаласы Білім басқармасы әдістемелік орталығының кітапхана әдіскері*

## ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

# Кемел келешек кепілі — «Керемет» балабақшасы



*Райхан ТҰРСЫМАТҚЫЗЫ,*
*«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені директоры.*
*Түркістан қаласы*

10-11бет








# Абай күні –

## ОҚУҒА ҚҰШТАР ЖАНДАРДЫҢ ҰЛЫ МЕРЕКЕСІ



***ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,***
***бас редактор***

Адамзат тарихында өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар бар. Осындай ұлы тұлға, озық ойы Қазақ Елінің темірқазығына айналған Абай біз үшін мәңгілік мақтаныш екені даусыз.

Абай Құнанбайұлы - қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 10 тамыз «Абай күні» болып белгіленген болатын. Абай күні халқымыздың оқуға құштарлығын оятатын, кітаптың құндылығын танытатын күн болуы тиіс деп ойлаймын. Білім мен ғылымды жырлаған Абай – шын мәнінде жаңашыл, ренессанстық тұлға. Ол туған халқын өркениетті елдер қатарынан көруді армандады. Жасампаз өмірді дәріптеп, әсіресе адам баласына деген махаббатты ерекше ардақ тұтқан ақынның қайраткерлік тұлғасы әрқашан асқақ. Әр халықтың өз Абайы бар және осындай біртуар тұлғалар арқылы біз дүние жүзіне танıламыз. Хакім Шығыс пен Батыстың, дүние жүзінің әдебиетін жақсы білді. Ол қазақша сөйлеткен Пушкин мен Лермонтов, Байрон мен Гете Ұлы даланың көркем сөзімен, төл өнерімен біте қайнасып кетті. Ғұлама Мұхтар Әуезов өмірінің үлкен бөлігін Абай мұрасын зерттеп, абайтану ілімінің негізін қалауға арнады. Жазушының «Абай жолы» романы – хакім Абайдың көркем бейнесі асқан шеберлікпен кескінделген әлемдік деңгейдегі классикалық туынды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы... Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын» деп атап өткен болатын. Иә, Абайдың кітабы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы әр шаңырақта тұрса, Қазақ Елінің де мәдениеті биік, дамыған елдер қатарына қосылуына ықпалы зор болар еді деп ойлаймын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес, Білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алған болатын. Осы жоба аясында еліміздің мектептерінде қыруар жұмыстар атқарылды. Бұл жақсы бастама әрдайым жалғаса береді деп сенеміз. Біздің де «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасына үн қосып, «Каникулда кітап оқимыз» атты жоба ұйымдастырып, жас ұрпақтың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға өз үлесімізді қосқанымызға қуанамын. Жобамызға еліміздің барлық аймағы мектептерінің белсене қатысқаны бізді үлкен қуанышқа бөледі. «Жақсы кітап – жан азығы» деген қағиданы басшылыққа алып, алдағы кезде де оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыратын жобаларды ұйымдастыру ойымызда бар. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жас ұрпағымыз мәдениетті азамат, білімді де білікті маман болып қалыптасады.

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге» - деген Ұлы Абайдың өлеңі бүгінгі күннің талабын қалай дәл жеткізе білгеніне таңқалмау мүмкін емес. Ұлы Абайдың ойлары мен өнегесі кітап оқу арқылы ғана биік белестерді бағындыруға болатынын көрсетеді. Абай күні – ізгілік пен жақсылықтың үні. Абай күні – оқуға құштар жандардың ұлы мерекесі. Мереке құтты болсын. Әр шаңырақ жақсы кітаптарға толсын.

# ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



*АБЛАЕВА Дана Умиралиевна,*
*Шымкент қаласы Білім басқармасы әдістемелік орталығының кітапхана әдіскері*

Кітапхана - білім бұлағының көзі болып табылатын рухани орда. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап - білім бұлағы» демекші, осынау білімнің мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектептегі орны ерекше. Кітапхана заманауи жабдықталып, бала үшін ыңғайлы әрі қызықты болуы керек. Оқу – біздің балаларымыздың білімін, тәрбиесін және мәдениетін арттырудың маңызды факторы. Оқу ой-өрістің кеңеюіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойға сіңіруге көмектеседі, жалпы, адамды тәрбиелейді және рухани байытады.

Кітап оқуға бала кезден баулу керек. Адамның әдебиетке деген махаббаты сол балалық шақтан пайда болады. Кітап оқу сауаттылығы деңгейін анықтау мақсатында әлемнің көптеген елдері OECD және IEA сынды халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысып, нәтижелерін қолданады. PISA зерттеулерінің нәтижелері бойынша Қазақстан оқушылары оқу сауаттылығы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдеріндегі өз қатарластарынан едәуір артта қалып отыр. Сондықтан еліміздегі мектеп кітапханаларының жұмысын жақсарту үшін түбегейлі шешімдер қабылдау қажеттігі туындап отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес, Білім және ғылым министрлігі «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасын қолға алған болатын. Қазіргі кезде барлық кітапханалардың жұмысы қайта жаңғыртылуда. Кітапхана оқушының кітапқа құштарлығын арттыратын орын болуы керек. Кітап-



ханалардағы жалпы көркем әдебиеттің тізімі бекітіліп, оларды сатып алу мәселесіне басымдық берілуде. Бұл жобаны жүзеге асыруға бес жыл уақыт қажет. Бес жылда барлық мектеп кітапханалары көркем әдебиетпен толықтырылады. Әр жыл сайын мектеп кітапханалары 20 пайызға көркем әдебиетпен толықтырылуда. Бұл толықтыру төрт бағыт бойынша жүргізілуде. Бірінші кезекте отандық классиктердің үздік туындылары, екіншіден қазақ тіліне аударылған әлем әдебиетінің тізімі және заманауи ақын-жазушылардың үздік шығармалары енді. Сондай-ақ кітапханалар түрлі анықтамалықтар, ғылыми-көпшілік басылымдар мен оқу-әдістемелік құралдармен жасақталуда.

Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани

қазына ордасы – мектеп кітапханасының алар орны зор. Оқу процесін қажетті кітаптармен қамтамасыз етуге міндетті орын - мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханалары педагогтерге қызмет көрсете отырып, сонымен қатар сыныпқа және сыныптан тыс қызмет көрсетуге арналған көпшілік кітапхана болып табылады. Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы заман талабына сай болып, мектептің өркендеуі мен қалыптасуына, балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беруге, оларды оқытуға үлкен көмек беруі керек. Жасөспірімдермен жұмыс жасай отырып, кітапханаға деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру, оларды кітаптармен жұмыс жасай білуге үйрету - кітапхананың негізгі міндеттерінің бірі. Кітапхана қызметкерлері кітапханадағы және кітапханадан тыс жердегі көркем әдебиеттен бастап, баспа түріндегі немесе электрондық ақпараттар түрлеріндегі әртүрлі кітаптарды және ақпараттар көздерін пайдалануға көмектеседі. Себебі бүгінде білімнің қайнар көзі кітапханада екені белгілі. Мектеп кітапханасы кішкентай болғанымен атқарар қызметі үлкен. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін



жаздырып алып отырады, білімдерін толықтырады, шығармашылықпен айналысып, жан-жақты ізденуге мүмкіндік алады. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда Шымкент қаласы білім беру ұйымдарында 182 кітапхана, 254 кітапханашы, кітапханалардағы негізгі кітап қоры - 1 811 964 дана (көркем әдебиет және т.б.), 6 168 593 дана оқулық бар.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру мақсатында «BIR KITAP» жобасы ұйымдастырылып, оған 14 білім беру ұйымы қатысты. Циолковкий атындағы №84 жалпы орта мектебі, №131 жалпы орта мектебі, №49 жалпы орта мектебі, Р.Мырзашев атындағы №76 негізгі орта мектебі, С.Ерубаев атындағы №24 мектеп-лицейі, №127 жалпы орта мектебі, №51 жалпы орта мектебі, №116 жалпы орта мектебі, С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта мектебі, Ө.Жолдасбеков атындағы №9 мектеп-лицейі, №80 мектеп-лицейі, Жамбыл атындағы №26 мектеп-гимназиясы, №135 жалпы орта мектебі, №60 жалпы орта мектебі жоба жұмысын биік деңгейде жүзеге асыруда.

Оқу мәдениетін дамыту және қолдау, тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау, әдеби сөйлеу мәнерін және ана тілімізге деген қамқорлық қатынасты қалыптастыру мақсатын көздеген жоба оқушылардың оқуға құштарлығын арттырып, білім ордаларында үлкен серпіліс тудырды. Ұлттық әдебиеттерге деген оқырмандардың қызығушылығын арттыру және қолдау көрсету, ұлттық жаңғырудың ажырамас бөлігі әдеби-мәдени құндылықтарды қалыптастыруға үлес қосу, қазақ классиктерінің әдеби туындыларын насихаттау, қазақ әдебиетіндегі әдеби туындыларды оқу арқылы қазақтың өткен тарихын, ұлттық болмысын, дәстүрін, әдеп-ғұрпын кейінгі ұрпаққа баяндау, ұжымда әдеби орта қалыптастыру жобаның негізгі міндеті болып табылады.

Ұжым бір кітапты бір мерзімде оқып шығады және талқылайды, осы кітапқа немесе туындыға арнап, әртүрлі форматтағы іс-шараларды өткізеді. Ұжымдық оқуға арналған кітап ұжымдағы ұстаздардан, яғни көпшіліктен ауызша, телефон, Google форма арқылы онлайн сауалнама алу негізінде, әлеуметтік желілер, whatsapp арқылы таңдалады. Жоба үшін таңдалған кітаптар ұлттық гуманизм идеялары мен жалпы азаматтықты, тарихи-мәдени дәстүрлерді, тарихи тамырластық пен осы заманғы еліміздің дамуын бейнелейтін, жанрлық жағынан сан алуан, көркемдік құны жоғары, барлық жастағылар үшін қызықты болуы тиіс, кітапханалар мен кітап дүкендерінде саны жеткілікті болуы керек. Кітаптың электронды нұсқасы kitap.kz сайтында болуы тиіс. Бұл жобадағы басты басымдық – педагогтердің оқу мәдениетін дамыту және қолдау.

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта,
Ерінбей оқып көруге, - деп хакім Абай Құнанбайұлы жырлағандай, ерінбей кітап оқып, білім іздеп жатқан жобаға қатысушы педагогтер белсенділік танытып, өздерін жан-жақты көрсете білді. Өз ісіне деген сүйіспеншілігі бар мұғалім жақсы мұғалім болады. Егер мұғалім өз бойында қызметі мен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса, ол - кемел ұстаз. «Оқуға құштар мектеп» жобасының арқасында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы артып, білімді, білікті маман, ұлтжанды, отансүйгіш азамат, оқуға құштар ұлт қалыптасады. Оқуға құштар ұлт қалыптастыруда мектеп кітапханасы жұмысының маңызы зор. Жас ұрпағымыз оқуға құштар бола берсін, Қазақ Елінің бақ жұлдызы жарқырап жана берсін деп тілейміз.



# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ — БАРЛЫҚ БІЛІМ АЛУШЫҒА ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР



***НУРЖАУТОВ Сакен Даутбекович, ПШО Шымкент қаласы филиалының тренері***

***ТУРАБАЕВА Мольдир Дуйсенбековна, Түркістан қаласы ХББ НЗМ тәрбиешісі***

Білім — адам баласының ортақ қазынасы
Жүсіп Баласағұни

Бүгінгі таңда әлем өзгеруде, жаңаруда, жаңғыруда. Білім алуға деген қажеттіліктер де алуан түрлі деуге болады. XXI ғасыр ақпараттық комуникациялық технологиялардың дамыған заманында балалар білімді кітаптан оқу арқылы ғана емес, ғаламтордан, әлеуметтік желілерден, теледидардан тағы басқа ақпарат көздерінен алуға бейім. Мұғалімдер оқулықпен ғана шектелмей балалардың қажеттіліктеріне сай заманауи тәсілдерді, ғаламтор мүмкіндіктерін ұтымды қолдана отырып білім беру үдерісін ұйымдартыра алуы тиімді болмақ. Дегенмен, заман басқа, балалар басқа, қажеттіліктер де сан қилы. Қалай болғанда да заман талабына сай білім беру жүйесі де өзгеруі қажет. Себебі, оқушылардың сана сезімі, ой өрісі, дүниетанымы мен көзқарастары, жалпы психологиясы өзгеріске ұшырауда.

1991 жылы АҚШ зерттеушілері Нил Гов пен Уильям Штраус алғаш рет жас айырмашылықтарының ерекшеліктері туралы айтты. Олар адамдардың жас айырмашылықтарына қарап, әртүрлі уақыттағы ұрпақтардың құндылықтарына негізделген теорияны құрды.

Жас теориясының үш негізгі компоненті (X, Y және Z ұрпақтары) және бір қосымша компонент (Baby boomers) бар.

«X» ұрпақтары - 1963 жылдан 1983 жылға дейін туған адамдар. Олардың ерекшеліктері – өзіне ғана сенім арта алады, балама ойлайды, әлемде болып жатқан нәрселер туралы хабардар болады, таңдау жасауға және өзін өзгертуге дайын адамдар.

«Y» ұрпағы - 1983 жылдан 2003 жылға дейінгі аралықта туған адамдар. Олардың мақсатқа жету мен жетістік туралы түсінігі өзгеше: көп жағдайда кәсіби өсуін төменгі деңгейден бастауды ұнатпайды. Олар дереу өсуді мақсат етеді және бұл олардың бір кемшілігі. Дегенмен, бұл жетіспеушілікті белсенділігімен ақтап алуға болады.

«Z» ұрпағы - 2003 жылдан кейін туылғандар Z ұрпағына жатады. Бұл адамдардың есейгенде қандай тұлға болатынын кәсібилік тұрғысынан бағалауға әлі ерте. Алайда оларды нағыз "цифрлы балалар" деп атауға болады.




1-сурет (Z ұрпағының образды бейнесі)

Расында, «цифрлы балаларға» білім беру үшін ұстаздар қауымы АКТ құзіреттілік деңгейін дамытып отыруға, балалардың психологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне сай білім беруге баса назар аударуы керек. Балалар ұзақ уақыт назарын бір нәрсеге шоғырландырып отыра алмай жатады, тез жалығады, зият деңгейі жоғары болғанымен физикалық тұрғыда әлсіз балалардың сабақ оқуға зауқы бола бермеуі мүмкін. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға дәріптеу де маңызды.

Педагогтердің алдына келетін «Z» ұрпағына тән оқушылардың жалпы ортақ қасиеттеріне біршама шолу жасалды. Ендігі кезекте біз үшін маңызды ерекше білім беру қажеттілігі бар (Бұдан былай ЕБҚ) оқушылардың қажеттіліктеріне сай оқыту мәселесіне тоқталсақ. Елімізде бірнеше жылдан бері инклюзивті білім беру мәселелері талқыланып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арнайы сыныптар ашу жағы да жолға қойылды деп айтуға болады. Дегенмен, педагогтер мен ата-аналар ЕБҚ бар балаларды қалай оқыту керек, бұл балаларға қалай қолдау көрсету керек деген сұраққа толыққанды әлі де жауап таба алмаған секілді.

Елімізде педагогтерге ЕБҚ оқушыларды оқытудың маңыздылығы мен басты қағидаттары, қолданылатын әдістемелер мен тиімді құралдар туралы ақпараттандыру мақсатында Педагогикалық шеберлік орталығы тарапынан біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырыла бастады. Курс аясында педагогтер тәжірибесін жақсартып қана қоймай инклюзивті білім беру мазмұнына қатысты көптеген сұрақтарына жауап табары сөзсіз. Ұстаздардың басым көпшілігіне алдағы уақытта бұл курстар қолжетімді болады деген ойдамыз. Жалпы педагогтерге мақалада қазіргі балалардың білім алудағы қажеттілігі қандай және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру мен жан-жақты қолдау көрсету туралы біршама мәліметтерді келтіруді жөн көрдік.

Инклюзивті білім беру – барлық кемсітуішілік формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алудағы әртүрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі. Инклюзивті білім беру балалардың физикалық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін әлеуметтік

бейімделуін, социумге кірігуін көздейді.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда ескеретін маңызды үш аспектіні атап өту қажет. «Инклюзивті саясат», «Инклюзивті мәдениет», «Инклюзивті практика»

Ең әуелі «Инклюзивті саясатты» жүзеге асыру. Бұл бағытта министрлік қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдап, нақты ережелерді бекіткендігін атап өтуге болады. Бірінші кезекте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығының 2-ші қосымшасында белгіленген тәртіп бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту үдерісі ұйымдастырылады. Балалар қайда, қандай жағдайда, қандай бағдарламамен оқи алатындығы айқындалған.

Келесі кезекте ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығымен «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына әдістемелік – нұсқаулық хат» бекітілді. Бұл бойынша ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қандай әдістеме қолданылатыны, қалай білім берілу керектігі туралы толық ақпарат беріледі.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары Жалпы ережелері» қабылданды. Бұл ережелерге сай психологиялық-педагогикалық қолдау шаралары қандай мазмұнда болатындығын, қай бағытта жүргізілетіндігінен ақпарат ала отырып, талапқа сай дұрыс бағытта жұмыс жасауға болады.

Екіншіден білім беру мекемелерінде «Инклюзивті мәдениетті» қалыптастыру мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Білім беру ұйымдарында Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі. Әрине, педагогтер, ата-аналар, қосымша білім беру педагогтері мен мектеп әкімшілігі, ұжым толық жұмыла отырып осы аталған құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарда айтылған ережелер мен қағидаларды түсініп орындаған жағдайда ғана инклюзивті мәдениет қалыптасады деп айтуға болады. Бір сөзбен айтқанда «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жұмыс жасағанда ғана оң нәтиже болары сөзсіз. Оған біршама уақыт керек деп ойлаймыз.

Инклюзивті білім берудегі үшінші маңызды аспект «Инклюзивті практика». Мұнда екі моделі арқылы қолдау көрсетуге болады. 1. ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау және қолдау көрсетудің медициналық моделі. «Білім алуындағы қиындықтар мен проблемалар баланың бойында қалыптасқан және ол: «мүгедек, қабілетсіз, ауытқушылығы бар» деген ұғымға негізделген. Бағалау – медициналық диагнозға, ал білім беру - түзету тұрғысына бағытталған.

2. ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау және қолдау көрсетудің әлеуметтік-педагогикалық моделі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар «жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп жағдайында барлық оқушылардың алуан түрлі қажеттіліктеріне сәйкес келуге дайын емес қоғамдық білім беру жүйесінің жетілмегендігі» салдарынан оқуда қиындық көріп отыр деген ұғымға негізделген. Бағалау адамның қажеттіліктеріне, ал оқыту білім беруге қолдау көрсетуге және бейімдеуге бағытталған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері – әрбір оқушының білім алуында табысқа жету үшін психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу-тәрбие процесіндегі көмек пен қызметке деген қажеттіліктер.

Бұл тұста инклюзияны жекелей емес, бүкіл білім беру жүйесінің принципі ретінде қарастыру қажет.

Инклюзивтілік принципіне негізделген жалпы білім беруді дамыту білім берудегі құндылық бағдарлардың өзгеруін меңзейді. Инклюзивті білім беру құндылықтары келесі ұстанымдарға сүйенеді: білім беру процесінің барлық қатысушылары:

1)мүмкіндіктердің әртүрлілігін кедергілер мен проблемалар ретінде емес, ресурстар ретінде қарастырады Қоғамда толерантты мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға, мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттыруға және жоғары сапалы білім алуды қамтамасыз етуге арналған ресурстар. Бір оқушының қиындықтарын еңсеруге бағытталған жұмыс, әдетте, басқа балаларға да пайдалы болады;

2) оқу-тәрбие процесін оқуда жоғары жетістіктері бар оқушыларға ғана емес, сыныптағы барлық оқушыларға назар аудара отырып құрады;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға тек мамандар емес (логопед, арнайы педагог, психолог, жеке көмекші) білім беру процесінің барлық қатысушылары, соның ішінде пән мұғалімі тарапынан қолдау көрсетеді;

4) білім беру процесінде оқушыларға көмек көрсету мәселелерін шешуде командалық тәсілді қолданады;

5) оқушыларға қолдау көрсету және ұйымдастыру барысында оларды «бөлектеуден» бас тартады. Көмек «инклюзивті», «ерекше», «өмірлік қиын жағдайға тап болған» балаларға емес, оқушылар қауымдастығының толық мүшесі ретінде көрсетіледі. «Бөлектеу» кемсітушіліктің көрінісі болып табылады

Инклюзивті оқыту – әрбір баланың денсаулық жағдайын, білім алуға деген қажеттілігін ескеріп оқыту деп қабылдаса болады. Қоршаған ортаны өзгеше қабылдап, біршама қиындықтарға кездесіп жүрген балаларды қолдау өте маңызды мәселе. Әр бала басқа балалар секілді толыққанды білім алуға құқылы. Тек қажетті жағдай жасап, сол баланың ыңғайына қарай сабақты жоспарласақ, зият деңгейі мен жалпы мүмкіндіктеріне сай тапсырма әзірлесек, ол балалар да өмірге бейімделіп, жан-жақты дами түсері анық.

Инклюзивті сыныпта жұмыс жасайтын педагогтерге ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға білім беруде пайдалы болатын бірнеше қарапайым кеңестерді де ұсынамыз. Төмендегі әрекеттер ЕБҚ оқушыны қолдаудың алғышарттары болып табылады. Қолдау қадамдары:

* анық және дауысын сәл көтеріп сөйлеу;
* қарапайым сөздерді қолдану;
* орындықта отырып емес, барлық оқушы көретіндей тұрып сөйлеу;
* оқушылардың назарын аудару үшін «мұқият тыңдаңыз» т.с.с сөз орамдарын қолдана отырып, олармен визуалды байланыс орнату, маңызды ақпаратты қайталау;
* хабарламаны түсінікті ету үшін сөйлеу кезінде ым-ишара мен мимиканы қолдану;
* балаларды сұрақтар қоюға тарту, егер түсініксіз нәрсе болса, балалардың барлығының дұрыс түсінгенін тексеру;
* ауызша қарым-қатынасты көрнекі суреттермен және жазбаша хабарламалармен толықтыру;
* ақпаратты нақты жеткізу үшін балаларды мимика немесе ым-ишараларды қолдануға шақыру.

Сонымен қатар, оқу ортасы мен кабинетті жабдықтау да баланың дамуына оң ықпал ететін маңызды факторлар. Кабинеттерде кеспе қағаздар ілу, жайлы орындықтар, қажет болса ойыншықтардың да болуы ЕБҚ оқушының өзін жайлы ортада сезінуіне мол мүмкіндік береді. Көру қабілеті төмен оқушыға әріптерді ірі етіп ұсыну керек болса, есту қабілеті нашар балалар үшін жеке құлаққап арқылы аудио мәтін ұсыну ұтымды, ал сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балар үшін қосымша тапсырма беріп, жауабын жазбаша ұсынуына жағдай жасау инклюзивті оқытудың маңызды бөлігі болып табылады.



2-сурет (ЕБҚ үшін жабдықталған кабинет көрінісі)

Зерттеу барысында «А» есімді оқушыға білім алу үшін қажетті мүмкіндік туғызғанымыз туралы мысал келтіре кетсек. Бұл оқушы гипербелсенді оқушы. Бір орында зейінін ұзақ уақыт шоғырландыра алмайды, тез жалығады, алайда зият деңгейі өте жоғары. Креативті идеялар ұсынып, стандартты емес ойлана біледі. Бұл оқушы өзіне берілген тапсырмаларды басқалардан бұрын орындайды. Іші пысып, қасындағы сыныптастарына кедергі жасайтын еді. Бұл оқушы ерекше білім беруді қажет етті. Сондықтан әріптестермен ақылдаса келе, сараланған тапсырма беруді ұйғардық. Жеңілден күрделіге принципімен тапсырмаларды біртіндеп күрделендіріп отырдық. Бұл әрекеттер оқушының бос отырмауын қамтамасыз еткенімен, зейінін ұзақ уақыт бір әрекетке шоғырландырудағы кедергілерді жоюда аса тиімді болған жоқ. Сол себепті, жоғарыда аталып өткен ЕБҚ оқушылармен жұмыс қағидаттарының ішінде «ауызша қарым-қатынасты көрнекі суреттермен және жазбаша хабарламалармен толықтыру» қадамын жасап көрдік. Алғашқыда оңай болған жоқ. Біз 2-ші моделдің аясында жұмыс жасап, ізденіс жасай келе оң нәтижелерге қол жеткіздік. Сурет салдырдық, ән тыңдаттық, сараланған тапсырмалар ұсындық.



3-сурет «А» есімді оқушы салған суреті

Бұл өз кезегінде баланың сурет салып, шығармашылыққа жақындатып қана қоймай, зейінін шоғырландыра алу дағдыларының да қалыптасуына оң ықпал етті. Сурет салу арқылы бала назарын салып отырған суретінен тайдырмай, сол үдеріс ұнайтын деңгейге жетті. Сонымен қатар ол балаға музыка және ән тыңдау тапсырмасын беріп отыру ұтымды болды деуге болады. Себебі, ән мазмұнына байланысты алдын ала дайындалған (Ән не туралы? Басты тірек сөздер қайсы? т.б.) сұрақтарға әнді тыңдай отырып жауабын табу керек болды. Бұл әрекетіміз де баланың зейінін бір нақты әрекетке бағыттай алу дағдысын қалыптастыруға оң ықпал етті. Оқыту үдерісінде тұлғалық ерекшеліктері мен білім алуға деген қажеттілігін ескере отырып оқыту тиімділігін көрсетті.

# ӘДЕП СӘЛЕМНЕН БАСТАЛАДЫ



***САЛИМБАЕВА Наргиза Кариmтаевна,***
***Сайрам көмекші мектеп-интернат-колледжі "арнайы кешен" КММ тәрбиешісі.***
***Шымкент қаласы***

Оқушылардың адамгершілік тәрбиесінде білік дағдыларын қалыптастыра отырып, салт-дәстүрлермен таныстырудың маңызы зор. Адамгершілік тәрбиеге тоқталу арқылы оның ішінде алғашқы сәлемдесу әдебінің маңызын аша отырып, адамшылық қасиеттерді қалыптастыру қажет.

«Ассалаумағалейкум деп дидар нәсіп еткенде,
Қол алысып, көңілденбес жоқ пенде.
Күн нұрындай сәлеміне адамның,
Бұл дүниенің ғанибеті жеткен бе» деген өлең жолдары сәлемдесудің керемет дәстүр екенін көрсетіп тұрғандай. "Әдеп сәлемнен басталады!" деген сөз тегін айтылмаған. Неге десеңіздер сәлем - әдептілік белгісі. Сәлемдесу ынтымақ,бірлікке шақырады. Адамтықтың белгісі сәлемдесу екенін ұмытпайық. Қазақ халқы сәлемдесу мәдениетіне аса мән берген. "Сәлем – сөздің анасы", "Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше", "Сәлемге сөз таба білмеген халыққа жол таба білмейді" деген мақал-мәтелдер сөз басы сәлемдесу екенін ұқтырады. Қазақ халқында, әдетте, сәлемдесу жоралғысы – кішіден үлкенге қарай, ал жауап сәлем үлкеннен кішіге қарай жүреді. Бетпе-бет келіп қалғанда бір-бірінің үлкен кішілігін ажырата алмаған кезде жолы кішісі жолы үлкенге алдымен сәлем береді. Үлкенге кіші, әйелге ер адам, аттыға жаяуы, отырғанға тұрғаны, алыстан келгенге ауыл адамы, жатқан адамға тұрған адам, ауру адамға сау адам, көп адамға аз адам бұрын амандық білдіреді. Егер сәлем бермей өтсе, "көргенсіз", "сәлем беруге жарамаған" деп сөгетін болған. Сәлем бергенде сөзбен бірге қимыл қатар жүреді. Мәселен, қазақ дәстүрінде қолмен амандасу, қос қолдап амандасу, төсіне қолын қойып амандасу, тізесін бүгіп амандасу, иек қағып (көтеріп) амандасу, төс қағыстырып амандасу, бас изеп амандасу, маңдайдан, қолдан, беттен сүйіп амандасу, қол көтеріп амандасу тәрізді амалдары бар. Адамдардың сәлемдесуі арқылы бір-бірінің амандығын біліп, қуанышқа бөленеді. Сәлем беру, әдептілік туралы көптеген даналар өз ойларын айтқан.

«Сәлем беру де парыз, сәлем алу де парыз". "Отан-отбасынан, тәрбие құлақтан"." Сәлем беру өткінші міндет емес, өмірлік міндет"." Сәлемдесе білу де өнер". "Сөздің басы сәлемнен басталады"." Сәлемдесуден жалықпайық"." Сәлем беру кісіліктің белгісі"." Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергені"."Әдепті бала ата-анасын мақтатар, әдепсіз бала ата-анасын қақсатар". Жақсы сөз адамдарды қуанышқа бөлейді. Олардың қарым-қатынасын жақсартуға ықпал етеді. Адамдар бір-бірімен жақсы сөйлесу арқылы сыйластыққа, достыққа қол жеткізеді. Адами қарым-қатынастағы ең басты әдептілік

бұл сәлемдесу болып табылады. Қазақ халқында сәлемдесудің түрлері көп. Әрбір ұлттың сәлемдесу түрлері де әр түрлі. Амандасудың қысқа ғана қайырылған сөздері мен тіркестерінде үлкен де мәнді мағына жатады. Сәлеметсіз бе! Бір ауыз ғана сөз. Бірақ мен сені аман есен ұшырастырып тұрмын, ағайын. Пейілің шырайлы, жүзің жарқын болсын, мен сені сыйлаймын, сені де сыйластық танытады деп білемін. Өз басым саған саулық, амандық, бақыт тілеймін деген керемет ойларды меңзейді ол. Жарқын жүзді, жылы шырайлы сәлемдесулерге сол ыңғайда жауап қайтарылары кәміл. Мейірімділік, сүйіспеншілікпен бір-бірімізбен амандасып, жақсы қарым- қатынаста болайық.

# ЖАСӨСПІРІМДЕР ҮЙІНДЕГІ ЖЕТІМ БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІ



***АБЕНОВ Кайржан Абдулмуталипович,***
***Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Облыстық жасөспірімдер үйі" кмм тәрбиешісі***

«Бала нені білсе жастан, ұядан, өле-өлгенше соны танып қиядан» деген нақылдың астарында қаншама мән-мағына жатыр десеңізші. Нақылда тәрбие беретін адам, я болмаса ортасы өздері білімді, тәрбиелі, үлгілі болуы керек деп өсиет етеді. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиешісі көрсін» деген мәтел де соны меңзейді.

Жас ұрпақ тәрбиесінде еңбекке баулудың маңызы зор. Қазақ ерте кезден-ақ жас баланы еңбексүйгіштікке, жалқаулықтан ада болуға үйреткен. Ұлы ойшыл әл-Фарабидің өзі «Тәрбиенің негізі – еңбекте» дейді. Тіпті, білім алудың өзі еңбек арқылы келеді. «Тайдың мінілгені, баланың жұмсалғаны білінбейді» десек те, егемен елдің ертеңі болар бүгінгі өрендерге жан-жақты тәрбие беріп, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз етіп, толыққанды білім алуына жағдай жасау - Қазақ елінің басты міндеті. Бұл ретте ашық қоғам, әділетті мемлекеттің атқарар рөлі зор. Сондықтан мемлекет балалардың мұқтаждығын өтеу үшін бюджеттен арнайы қаржы бөліп, олардың тиісті білім алуына, денсаулықтарын қадағалауға, жаман әдеттерге ұрынбауына, осы секілді тағы да басқа көптеген мәселелерді қамтуды мойнына алып отыр.

«Жетім көрсең, жебей жүр» деп дана бабаларымыз жетім-жесірін жылатпаған. Адам баласының бәрінің баратын жері – біреу. Бірақ біреуге – ерте, біреуге кеш. Жастай үзілген жандардың артында еңіреп аяқтанбаған ұрпағы қалады. Тұл жетім қалған тағдырға дауа бар ма, ал қазіргі заманда жетімнен тастанды бала көп.

Жетімін жылатпауға Үкіметіміз барынша жағдай жасаған. Оларды жан-жақты қолдайтын заң да бар, қаржы да аямай бөлінуде. Жетімдер үйін аралап жүріп бұған көзіміз жетті. Бірақ қамкөңіл жандардың әлі де барлық мәселесі шешілді деп айтуға болмайды.

Жетім атауының өзі кезінде соғыс заманында ата-аналары қайтыс болған кезде баланың қараусыз қалып отырғанда, қиын-қыстау, ашаршылық кезеңдерде пайда болған болатын. Оның өзінде Тәуке ханның – Жеті Жарғы, Есім ханның – Ескі жолы сияқты заңдарында жетімдерді бай, қауқарлы адамдарға асырап алуға беріп отырған. Х-ХХ ғасыр аралығындағы «жетім» ұғымының анықтамасы – толық жанұялық тәрбие көрмеген деген ұғымды білдірді. Оларға тән қасиеттер: агрессия, алаңдаушылық, мінездегі жат қылықтар. Кейінгі жылдары әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты және әртүрлі себептер тұрғысынан әлеуметтік жетім балалар саны артуда.

Жетім – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала. Сондай ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала.

Жетімдіктің түрлері:

- Әлеуметтік жетім – ата-анасы бар немесе қайтыс болмаған, бірақ ата-ананың өз келісімдерімен баладан бас тартуы, сондай-ақ ата-ананың түрлі қылықтарға бару арқылы олардың құқықтарын шектеп баланы айырып алу.
- Тұл жетім – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасының біреуінің қайтыс болуы. Қазіргі таңда әлеуметтік жетім тұл жетімге қарағанда 80 пайызды құрап отыр. Қалған пайызы ғана тұл жетімдер.

. Ата-ана қамқорлығынан айырылған әрбір бала отбасында тәрбиеленуге тиісті. Себебі: олар міндетті түрде ата-аналарының өмірін қайталап немесе қайталайтын болса болашақта олардың саны екі есе көп болмақ. Демек, жетім балаларға жаңа мүмкіндіктер – отбасы үлгісіндегі балалар үйі, ондағы шиеленістерді реттейтін және әр балаға жаңа отбасын сыйлайтын делдалдық ұйым керек.

Жасөспірімдер үйіндегі жетім балалар тәрбиесі – мемлекетіміздегі маңызды міндет."Балам-бағым, балам-болашағым" дейді дана қазақ. Мұхит асып кеткен көгенкөздеріміздің арасында келешекте ұлы барыс елінің тұтқасын ұстар Ахметтер мен Іләмстардың, Сәкендер мен Мағжандардың шықпасына кім кепіл!? Сондықтан да періштедей бейкүнә сәбилерімзге қамқорлық көрсетіп, махаббатымызға шомылдырудан шаршамайық. Жетімдерімізді жылатпайық, ағайын!

# АЛТЫН БЕЛГІ – ЕҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІСІҢ, ЖЕҢІСТЕРГЕ ЖЕТ ӘРДАЙЫМ ЕЛ ҮШІН!



***ҚҰРБАНӘЛІ Бақдәулет Қуандықұлы***
***№27 "Мәртөбе" жалпы орта білім беретін мектебінің түлегі, "Алтын белгі" иегері***

Адам өмірінде мектепте оқып жүрген кезі өшпес із қалдырады. Жас жеткіншектің ең қызықты сәттері де мектепте өтеді, бүкіл өміріне негіз болатын басты шешімдері де мектепте қабылданады. 2021-2022 оқу жылы да аяқталып, жас түлектер өздерінің алтын ұя мектебімен қимай қоштасты. Әр мектеп үшін бұл кез бір жылғы жұмысты қорытындылайтын кезең екені де белгілі. Шымкент қаласы, №27 "Мәртөбе" жалпы орта білім беретін мектебі 2021-2022 оқу жылында мектеп директоры Ахмед А.И. басшылығымен үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Солардың біреуіне тоқталып өтуді жөн көрдім. Биыл "Алтын белгі" үміткерлеріне қойылған талаптар жылдағыдан жоғары болды. "Алтын белгі" үміткерлері өз білімдерін дәлелдеу үшін бірнеше рет сынама тестілеуден өтті. Сол сынақтардың бәрінен сүрінбей өткен осы мектептің жас түлегі, "Алтын белгі" және 2021-2022 оқу жылының "Оқу тәрбие және қоғамдық жұмыстардың "Үздігі" медалінің иегері Құрбанәлі Бақдәулет Куандықұлының жетістігі ата-әжесі де, әпке-ағалары да, әке-шешесі де, ұстаздар қауымын да үлкен қуанышқа бөледі. Математика-физика пәнін таңдаған ол Ұлттық бірыңғай тестілеуден 124 балл жинап, өз білімін тағы да дәлелдеді. Сөйтіп "Алтын ұя" мектебінде өшпес ізін қалдырды. Алдағы өмірде де білім берген қасиетті алтын ұя мен ұлағатты ұстаздардың еңбегін ұмытпай, алған тәлімін ел игілігіне жарататын азамат болады деген сенімдеміз.

Бақдәулетке бастауышта ең алғаш білім берген Сапахова Рабия Кусановна қолына қалам ұстатып, алғаш дүниетанымын кеңейтіп, білімге деген құштарлығын оятты. Орта буынға келгенде педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Байбосынова Жанар Шынарбекқызының 5-а сыныбына өтті. 5-9 сыныптар аралығында сыныптың оқу секторы атанып, сыныптастары арасында белсенді болды.

Ал жоғарғы буын 10-11 сыныптарда пән бағыттарын таңдау барысында, осы мектептің математика пәнінің майталман маманы Тулешова Сабира Сабырбаевнаға еліктеп математика, физика пәндері бойынша "Жаратылыстану - математика" бағытын таңдады. Сонымен қоса Тулешова Сабира 10-11 сыныптарда сынып жетекшісі болды. Бақдәулеттің талапты да тәрбиелі оқушы болып қалыптасуына мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Абитаева Гулмира Кенжесариевна игі ықпалын тигізді. Шымкент қаласы, Техникалық лицей жеке мекемесінің білікті де білімді директоры, жоғарғы санатты физика пәні мұғалімі Есиркепов Ержан Жанысбаевичтің қолында білімін одан әрі қарай шыңдай түскен Бақдәулеттің білімнің биік шыңдарын бағындыруы да заңды құбылыс деп білеміз.

Ұлы Абай атамыз "Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы әже, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады" деп көрегендікпен ой түйген. Бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетасы жақсы отбасында қаланады. Олай дейтініміз, атасы Құрбанәлі 1986 жылдан 1995 жылдар аралығында Қазығұрт ауданындағы №11 В.И.Ленин атындағы облыстық санатория типтес мектеп-интернатында мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ал 1995 жылдан Сайрам ауданындағы бірнеше мектепте директор, 2014 жылдан 2019 жылдың тамыз айына дейін Шымкент қаласындағы №68 жалпы білім беретін орта мектеп директоры болып



қызмет атқарған, әжесі Алима үйдегі ұл-қыздардары мен немерелерінің сүйікті де сүйкімді, ақылшы асыл әжесі. Әкесі Куандык кіші кәсіпкер, анасы Гульмира жоғары санатты ұлағатты ұстаз. Бақдәулеттің осындай дәрежеге жетуіне кішкентайынан бойына бесік жырымен нәр беріп тәрбиелеген асыл да ардакты, аяулы да ақылшы әжесі Алиманың еңбегі ұшан-теңіз. Асыл әженің еңбегі зая кетпеді. Бақдәулет әжесінің мерейін үстем етті. Отбасының осы қуанышын естіген атамыз Құрбанәлі мен әжеміз Алиманың жан достары, атамыз Құрбанәлінің бес жыл бірге оқыған курстас ағасы, "Халық құрметі" орденінің иегері, Республикалық "Территория правда" газетінің редакторы, "Есейгенде қалам алдым қолыма" атты жыр кітабының авторы, ақын Нұрымбетов Тұрбала Батыршаұлы арнайы келіп, Бақдәулетке ақ тілегін арнап жазған жүрек жарды жыр шумақтарымен жолдады.

*Құтты болсын алтын медаль төс белгің,*
*Көріп тұрмын ақылды бала өскенін.*
*Апасының мейірімінен сусындап,*
*Білімнің түйінін ой санамен шешкенін.*

*Қанатың талмасын көкке қалықта,*
*Білеміз ғой Анадан туады алып та.*
*Сен Апаңның қамқорымен өсіпсің,*
*Бөлеп Апа көңілін қиял жетпес бақытқа.*

*Өсе бер балам арманың биіктеп,*
*Бойыңнан үзілмесін үміт тек.*
*Ой-санаңның шуағымен жылытшы,*
*Күн көзіндей таң нұрымен күліп кеп.*

*Мектебіңді абыройға бөледің,*
*Бұл сенің тырнақ алды көмегің.*
*Ұштаған қырағы ойын ақылға.*
*Атаң да сенің алғырлығыңа сенетін.*

*Ақта балам үмітін еліңнің,*
*Жұлдыз болып көктен көрінгін.*
*Тілектеспіз біз де ақ көңілмен,*
*Тамшысы бол көл-дария, теңіздің.*

*Мінезді бол жүрегіңмен шешетін,*
*Сонда ғана бәйтерек боп өсесің.*
*Менмендікпен жауламасаң көңілді,*
*Қайтарар өмір еселеп есесін.*

*18.06.2022 жыл*
*Сағат: 21:00 Шымкент қаласы*

***PS. Біз де Бақдәулетке БАҚ, ДӘУЛЕТ тілеп, мақсаттарға жету жолында талмай еңбек ете бер, қалаған мамандығыңның "Грант" иегері бол, үлкен өмірге басқан қадамың құтты болсын дейміз. Болашақта Қазақстанның өркендеуіне өзіңнің үлкен үлесіңді қоса бер. Алтын белгі – ең алғашқы жеңісің, жеңістерге жет әрдайым ел үшін.***

***Материалды дайындаған бас редактор Есен.Б.А***






# КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ — «КЕРЕМЕТ» БАЛАБАҚШАСЫ



***Райхан ТҰРСЫМАТҚЫЗЫ,***
***«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені директоры.***
***Түркістан қаласы***

Балабақша – баланың пәк күлкісіне малынған, білім әлеміне алғаш есік ашып, саналарына білім сәулесін құятын ең таза, ғажайып әлем. «Бала тәрбиесі — мемлекеттің маңызды міндеті» деп ұлы ойшыл Платон айтқандай, баланың бойындағы жақсы қасиеттер балабақшада қалыптаса бастайды. Балалар - өміріміздің гүлі. Өмірімізді мән мен мағынаға толтырған басты байлығымыз балалардың бойына алғаш қауызын жарып өскен бүршіктей таза, мәнді, мағыналы, мәңгілік құндылықтарға сай тәрбие дәнін еге білуіміз керек. Балаға қуаныш сыйлай отырып, оқыта тәрбиелеу – балабақша тәрбиешілерінің міндеті. Балалардың балабақшаға қуанып барып, білімге құштар болып қалыптасуы ертеңгі білімі кемел, саналы тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі. Адам өмірінің даму кезеңдерінде балабақша әрқашан ең жағымды, шынайы сезімдерге толы, қызықты, ерекше кезең ретінде саналады. Бүлдіршіннің 2-5 жас аралығында әлемді алғаш тануында, санасының жетілуінде, білім деген ғажайып әлеммен танысуында балабақша басты рөл атқарады. Биылғы жылы балалар жылы болып бекітілуінің терең мәні бар. Бүгінгі көзі жәудіреген аппақ парақтай таза бүлдіршін ертең ел іргесін құрайтын тұлғаға айналады. «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген қазақтың ардақты жазушысы Мұхтар Әуезов, бірлігі мен ынтымағы жарасқан, бейбіт, еңселі ел құру үшін бесігімізді түзеу керектігін, яғни болашағымыздың іргетасы болған бүлдіршіндеріміздің дамуына ерекше көңіл бөлу керектігін айтады.

Қарыштап дамып келе жатқан мегаполис Шымкент қаласы бүлдіршіндерінің білім көкжиегін кеңейтіп, сапалы білім мен саналы тәрбие беріп, керемет келешекке жетелейтін кемел тұлға тәрбиелеуде сүбелі үлес қосып келе жатқан «Керемет» балабақшамыз атына заты сай жаңа, заманауи форматта жұмыс атқаратын, ерекше, креативті балабақшалардың бірегейі. Біздің балабақшамыздың құрылтайшысы Райхан Тұрсыматқызы әрбір балаға тұлға ретінде қарап, оның ішкі мүмкіндіктерін ашып, болашақ саналы, сапалы тұлғалар тәрбиелеу үшін тәрбиешінің орнынын ерекше екенін айтып отырады. Кез-келген білім ордасының жемісті жұмыс жасауы үшін кәсіби мықты басшының білімі мен біліктілігі өте маңызды. «ҚР Білім беру ісінің қайраткері», «ҚР Құрметті азаматы», «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері», «ҚР Тәуелсіздігіне -30 жыл», Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі, «Білікті басшы-2022» төсбелгісінің иегері Райхан Тұрсыматқызы кәсіби, білікті басшы ретінде бізге дұрыс бағыт-бағдар нұсқап, ерекше қолдау көрсетіп, баға жетпес бай тәжірибесімен бөлісіп отырады. Білім көкжиегін кеңейтетін ең алғашқы орта - балабақша табалдырығынан аттаған әрбір бүлдіршіннің жан-жақты дамуына, ішкі мүмкіндіктерінің, мықты тұстарының шыңдалуына жағдай жасалған. Қалалық, облыстық, республикалық семинарларда тәрбиешілеріміздің ашық сабақ көрсетіп, соңғы технологиялармен жұмыс жасап, тәжірибе алмасуының маңыздылығын басшылық түсіндіріп, білімнің жаңа бағытымен үнемі таныстырып отырады. Еліміздегі, бүкіл әлемдегі білім беру жүйесінің даму қарқынына сай жаңа заман жаңартылған мазмұндағы әдіс-тәсілдермен бала бойына қажетті дағдыларды сіңіруге баса назар аударады. Әлемдік деңгейде мойындалған Монтессори әдісін қолдана отырып жұмыс жасайтын балабақша баланың логикалық ойлауын, сөйлеу қабілетін, қиялын және ұсақ моторикасын дамытуға, адамгершілікке тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөледі. «Бала әдетті жасынан тамызықтап жинайды» деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, баланың бойына жақсы әдетті, адамгершілікті ұялата білу, рухани тәрбие беру арқылы тұлғалық қасиетін дамытуды көздейміз. Балаға білім берудің ең оңтайлы, қызықты, креативті жолын тауып, әрбір бүлдіршіннің жүрегіне білімге деген құштарлықты ояту арқылы мектепке алғыр, зерек, танымдық қабілеті жоғары оқушы дайындау - біздің ең басты мақсатымыз.

«Керемет» балабақшасы - материалдық базасы заманға сай жабдықталған, балаларға таза, табиғи,

құнарлы тағамдар ұсынатын, ең бастысы баланың денсаулығын сақтауға көңіл бөліп, жан-жақты дамытуды көздейтін балабақша.

Қаламыздың барлық аймағынан бүлдіршіндер балабақшамызға арнайы тасымалданатын ыңғайлы көлікпен келеді. Барлық жағдай жасалған, балалармен еңбегімен биік белестерге жетелеп келеді. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің 180-жылдық мерейтойына орай «Өрлеу» біліктілікті дамыту орталығы ұйымдастырған «Кел, балалар, оқылық» атты байқауына қатысып, Дилдахан Ернар және Разибекова Аминаға үздік жетекшілік танытқаны үшін және республикалық







кәсіби логопед, психолог жұмыс жасайды. Спортзалда балалар жаттығулар жасап, олардың физикалық дамуына жағдай жасалады және арнайы жарыстарға қатысуға дайындалады.

«Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады. Сондықтан да болашақ қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойында басталады» деп А.Макаренко ойын технологиясының балабақшадағы маңызын атап өткен еді. Ойын арқылы баланың бойына ізгі қасиеттерді қалыптастырып, бақылау арқылы дарынан анықтап, оны дамытуға жол ашылады. Баланың интеллектуалды, физикалық, эмоциялық дамуына баса назар аударылады. Әр баланың бойында белгілі бір дарын болады. Соны ашу үшін әртүрлі қызықты шаралар ұйымдастыру ісіне ерекше мән береміз. Біздің балабақшамыздан түлеп ұшқан әрбір бүлдіршіннің жүрегіне мейірім мен адамгершілік, білімге деген құштарлық сезімін ұялатуға бар еңбегімізді аямаймыз. Бүгінгі бүлдіршін - біздің ертеңгі болашағымыз. Әрбір ата-ананың сенімінен шығып, аманат етіп беріп отырған әр үйдің көзі мен қарасы, қуанышы мен бақытының базары болып отырған балалардың келешекте кемел тұлға болуына өз үлесімізді қосуды мақсат тұтамыз. Осы уақытқа дейін балабақшамыздан талай балалар мектеп табалдырығын аттап үздіктер қатарына қосылып отыр. Біздің балабақшадағы әр тәрбиеші өз ісіне жауапкершілікпен қарап, баланың білімі мен тәрбиесін кемелдендіруде әр сабақта үлес қосып отырады. Монтессори бөлмесінің 5 аймағы - математикалық, сенсорлық, тілдік, күнделікті өмір тәжірибесі, ғарыштық аймақты дамыту жұмыстары үнемі жетілдірiліп отырады. Осы еңбектің нәтижесі ретінде өз әріптестерімнің жетістіктеріне тоқталар болсам, Абдураимова Малахат республика көлемінде ұйымдастырылған педагогикалық іс-шараларға белсене қатысқаны және оқытудағы сапалы біліктілігі үшін Құрмет грамотасымен марапатталған. І республикалық «Үздік педагог» олимпиадасында жоғары нәтиже көрсеткені үшін Бітімбай Мөлдір ІІІ дәрежелі Диплом иегері атанған. «Үздік тәрбиеші - 2021» номинациясы бойынша Узденбаева Меруерт Джумабаевна І дәрежелі Диплом және төсбелгісімен марапатталған. Тәрбиешілеріміз бүлдіршіндерді түрлі байқауларға дайындап, қажырлы «Өрлеу» порталының және «MediaBilim» ақпараттық танымдық журналының ұйымдастыруымен өткен «Қош келдің, Алтын күз» атты республикалық байқауының «Үздік қолөнер» номинациясы бойынша Аширбай Алина және Утепберген Адия секілді бүлдіршіндерімізді шығармашылыққа баулып, І дәрежелі дипломды жеңіп алуына ықпал етіп, үздік жетекшілік танытқаны үшін Абдураимова Малахат марапат иесі атанған. Осы орайда Абдураимова Малахат әріптесіміздің жетістіктерімен бүкіл балабақша ұжымы мақтанады. Біздің балабақшада өз ісінің үздіктері мен бүлдіршіндерді шынайы жақсы көріп, өз мамандықтарын жүрегімен сүйіп таңдаған кәсіби биік мамандар жұмыс жасайтынын мақтана айтқым келеді. Балабақша ұжымы республикалық «Ұлы дала ұрпақтары» өнер мен білім байқауында «Хореография» жанры бойынша бас жүлде иегері атанған.

Бұл жетістіктер күнделікті кәсіби жоспарлау мен заманға сай білімді шыңдаудың, терең білім мен маңдай тердің, қажырлы еңбектің нәтижесі деп білемін. «Керемет» балабақшасы - қаламыздағы ең үздік, кәсіби тұрғыда заманауи технологиялар мен соңғы жетістіктерді өз тәжірибесіне ұштастыра отырып, еліміздің дамуына елеулі үлес қосуды мақсат еткен білім ордаларының бірі. Жаңа заманға сай білім беру үшін қазіргі таңда үнемі ізденіс пен білімді жетілдіріп отырудың құндылығы жоғары. Тұлғалық, кәсіби, білім тұрғысынан үнемі шыңдалып отыратын біздің тәрбиешілер балабақша бүлдіршіндеріне сапалы білім мен мектепке даярлауда жоғары құзіреттілік танытып келеді. Біздің балабақшаны таңдаған әр ата-ананың сенімін ақтап, баланың бойына рухани құндылықтарды ұялатуға баса назар аударамыз. Бала өмірге аппақ парақтай тап-таза күйінде келеді. Оның тап-таза жүрегіне қандай құндылықтар, қандай білім нәрі құйылса, ол болашақта баланың тұлғалық қалыптасуына ықпалы зор болады. Осы принципті ұстана отырып, баланың ой-өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін жақсарту, танымдық, коммуникациялық дағдыларын шыңдауға ерекше мән береміз. Қаламыздағы, еліміздегі балабақшалар саны артып, өсіп-өркендей берсін деп тілеймін. Балабақшаның дамуы – ертеңгі кемел келешегіміз бүлдіршіндеріміздің дамуының кепілі. Кемел келешек кепілі – «Керемет» балабақшасы. «Керемет» балабақшасы - керемет келешекке жетелейтін үздік балабақша.

# ҰСТАЗ БОЛУ – ӨЗ УАҚЫТЫН АЯМАУ, ӨЗГЕНІҢ БАҚЫТЫН АЯЛАУ



***АЛПЫСБАЙ Нұрбек Жұмабайұлы,***
***Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің информатика пәні әдіскері.***
***Түркістан облысы***

Өмірдегі көп мамандықтың ішіндегі жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, мейірімділікті қажет ететін мамандық – ұстаз мамандығы.

Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде окушыларды үш тілді еркін меңгерген азамат етіп тәрбиелеу жолында әр сабағы өмірмен тікелей байланысты болуын мақсат еткен ұстаздарымыздың бірі – Ажибекова Жансая Дәулетиярқызы. Ол №44 Сырдария жалпы орта мектебінің информатика пәні мұғалімі қызметін жеті жылдан бері атқара жүріп, жас жеткіншектерге тәрбие саласында да өз үлесін қосып келеді.

«Ілім үйреніп, одан соң оны басқаларға үйретпеу – мол дүние жиып, оны керегіне жаратпай көміп қойғанмен бірдей» - деген халық даналығын ту еткен ұстаз ауданда өткен семинар, вебинар, педокуларда өз тәжірибесімен бөлісе отырып, көңілге түйген тиімді әдіс-тәсілдерін үйретуден жалыққан емес. Оның бір дәлелі: 2019 жылы Республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауының аудандық кезеңінде озық идеясымен бөлісіп, 1-орын алып, Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонан соң Түркістан қаласында өткен Республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауының облыстық кезеңінде «Ізденімпаз ұстаз» номинациясын иеленіп, Дипломмен марапатталды.

Қазақстан Республикасында білім берудің барлық деңгейлерінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін үш тілде білім беруді кезең-кезеңмен енгізуді қамтамасыз ету және адами капиталды дамыту үшін 2020-2021 жылдары мектептерде жаратылыстану пәндері қатарында «Информатика» пәнін ағылшын тілінде оқыту (білім беру ұйымдарының алқалық шешімінің негізінде таңдау бойынша) енгізілетіндігі белгіленген.

Жансая Дәулетиярқызы үш тілде білім беруді енгізу шеңберінде барлық білім беру деңгейлерінде 2016-2020 жылдарға арналған педагогтарды дайындау және біліктілігін арттыру курсын: 2017 жылдың 18 қыркүйек айынан бастап 2017 жылдың 18 қараша, 2018 жылдың 15 тамыз айынан 2018 жылдың 7 желтоқсанға дейінгі аралықта 420 сағат курстық бағдарламасын оқып келді.

Сол уақыттан бері ұстаз өз сабақтарында информатиканың теориясы мен практикасын ағылшын тілінде оқытады. Ол өзінің іс-тәжірибесінде: «CLIL әдісін кіріктіре отырып, оқушылардың пәндік–академиялық тілде сөйлеу сауаттылығын арттыру» шығармашылық тақырыбында жұмыс істеуде.

Тіл мен пәнді кіріктіре оқыту барысында арнайы бір әдіс-тәсілдер қолданылады. Ол әдіс-тәсілдер оқушыны пәнге қызықтыру, тілді меңгеруге бейімдеуге мүмкіндік туғызады. Оқушылардың тілге және пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында әдістердің қолданылуы төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

1. Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет.
2. Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктерімен байланысты болуы керек.
3. Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек.
4. Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек;
5. Оқушыға өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек;
6. Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет.

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына педагогикалық идеяларды ізгілендіру мәселесін қойып отыр. Оқытудың инновациялық педагогикалық идеялары бойынша әртүрлі технологиялар сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Сол үрдісті өз сабақтарында пайдаланып келеді. Атап айтатын болсақ : «Domino», «What's missing», «IT - support», «TRUE or FALSE», «Cloud technology», «QR coding», «Frayer model» әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатында пәндік - тілдік академияны дамытады.

Үштілділік мәдениетіміздің жаһан сахнасына шығуына, дініміздің, діліміздің жер бетіне таралып, елімізді танытуында үлкен рөл атқарары анық. Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол – нағыз ұстаз. Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау. Осындай ұстаздарымыздың еңбектерін саралай келе, бүгінгі білім мен білік бәсекелесі заманында ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісімiздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз.

# ШӘКІРТТЕРІНІҢ ЖЕҢІСІ – ҰСТАЗ ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ



***УМБЕТОВА Лаура Кашкынбаевна,***
***"Төрткүл" жалпы орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Ордабасы ауданы***

Менің түсінігімдегі ұстаз – рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттерімен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге жетелеуші, жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі жылы, көңілі дарқан адам. Мектепте ұстаздық қызмет атқарған жылдарда қаншама ұстаздармен кездесіп, жақсы қасиеттерін өнеге тұтып, білім алдым, олардан әлі күнге дейін үйреніп келемін.

Киелі 90 жылдық тарихы бар «Төрткүл» жалпы орта мектебінде қызмет жасап жатқан ұстаздармен бірге еңбек етіп келе жатқаныма 19 жыл болды. Білікті басшы Омарбек Мұхамедиярдың басқаруындағы білім ошағында қызметін аянбай жасап жүрген мамандар өте көп. Менің аға ұстаздардан үйренген және алған тәрбием, іс-тәжірибем мол деп айта аламын. Сол ұлағатты ұстаздардың арқасында көп жетістікке қол жеткізіп келемін.

Мұғалімнің бүкіл мақтанышы - шәкірттерінде, өзі тәрбиелеп, білім берген оқушылардың өсіп-өнуінде. Менің еккен жемісімнің өсіп-өнуі, шәкірттерімнің жеткен жетістігі деп «Төрткүл» жалпы орта мектебінің 10 «Ә» сынып оқушысы Иса Маржан Нұрбекқызын атай аламын. Өйткені, бұл оқушының жеңістері менің тынымсыз еңбегімнің жемісі деп ойлаймын. Маржан «Айқанат» олимпиадасының жүлдегері, Илияс, Мағжан, Абай Махамбет оқуларының жүлдегері, бірнеше ғылыми жоба байқауының жеңімпазы. Атап айтсам, «Алтын қыран», «Ақ бота» пән олимпиадаларының жүлдегері, «Ы.Алтынсариннің 150 жылдығына орай ұйымдастырылған «Ғылыми жоба» байқауы, «Қ.А.Ясауидің туылғанына байланысты «Ғылыми жоба» байқауының жүлдегері. Республикалық «Дарынды оқушылар үшін ұйымдастырылған эссе байқауында үздік диплом, куәлік, төсбелгімен марапатталды және эссесі «Алтын кітапқа» жарияланды.

Екінші шәкіртім 9 «А» сынып оқушысы Мәлік Әсем Ержанқызы мектепішілік пән олимпиадасы, аудандық, облыстық пән олимпиадасының жүлдегері. Абай оқуы, Илияс оқуы, Мұқағали оқуы, байқауларының жүлдегері, «Алтын қыран», «Алтын тобылғы» пән олимпиадаларының жүлдегері атанған. Республикалық «Дарынды оқушылар байқауында «Алтын кітапқа» эссесі еніп, үздік диплом, куәлік, төсбелгімен марапатталған.




Үшінші оқушым 9 «А» сынып оқушысы Жұмаділдә Аяулым шешендік өнер бойынша көптеген биіктерді бағындырып келеді. Абай, Мағжан, Мұқағали оқуларының жүлдегері атанды.

Күні кеше ғана Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқуларының» аудандық кезеңінде жүлделі II орынға ие болып, облыстық кезеңіне жолдама алды.



Шәкірттерінің жеңісі – ұстаз еңбегінің жемісі. Болашақта менің абыройымды асқақтатын шәкірттерім бұдан да көп болғанын қалаймын.



# «Біз адал елдің ұрпағымыз». Отаным — бақыт ордасы



*ОСПАН Мағира Бөкенбайқызы,* *ИБРАЕВА Жанна Нуржановна,*
*"Таным" ЖШС мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері.*
*Шымкент қаласы.*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 4.1.1.1 Шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру;<br>4.2.1.1 Мәтінді дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп, шапшаң оқу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар жасай алады:**<br>• Оқушылар тақырыпқа сәйкес адалдық жайында шығарма түрлерімен танысады. Шығарма мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: Иллюстрация, әдеби кітаптардан нақты ақпаратты табу мүмкіндігін қарастырады. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі.<br>**Оқушылардың көбі жасай алады:**<br>• Әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет) анықтауды жалғастырады. Материалды өңдеу және тұжырым жасау мен себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсете алу әрекеттері жүйеленеді. Шығарманың құрылымын, әр түрлі стильде жазылған жұмыстарды жетілдіреді, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қатені табу және түзетудің жолдары қарастырылады.<br>**Оқушылардың кейбірі жасай алады:**<br>• Оқушыларды түрлі жанрдағы шығармалармен таныстыру арқылы Ұлы дала тарихы, Отаны туралы шежіре сырлары, Туған жердің табиғаты туралы ойларын ортаға салады. Бөлімде Отанға деген құрмет, сүйіспеншілік, қазақстандық патриотизм құндылықтарын қалыптастыру мақсаты қарастырылады. |
| **Жетістік критерийлері** | Диалогке қатысады; Мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады.<br>Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады.<br>Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі.<br>Тақырыпты және негізгі ойды анықтап үйренеді.<br>Автордың ойын мәтін деректерімен дәлелдейді. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Сабақ барысында жаттығуларды орындау, сын есімді анықтауға арналған әдебиеттік оқу пәннен алған білімдерін пайдаланады. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану;<br>Дереккордан және интернеттен ақпаратты іздеу. |
| **Ресурстар** | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және постер, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер, слайд, флипчарт. |
| **Бастапқы білім** | Шығарманың мазмұнын түсініп оқып, нақтылау және себеп-салдарын анықтап, сұрақтарын қоя алады. Отан, бейбітшілік, бақыт сөздерінің мағынасын біледі. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Жаңа топ құру**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>**«Гүлмен тілек»**<br>(сергіту және топқа біріктіру) Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру. | **Гүлдер** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл-күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.<br>Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің түстері бойынша топқа біріктіріледі.<br>1-топ – қызғылт<br>2-топ – жасыл<br> <br>Жұмыс ережесін келісу.<br>Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда)<br>«Кезектескен интервью» әдісі.<br>(Әр топқа өткен сабақтардан сұрақтар беріледі. Микрофон қолдану.<br>Автор орындығы әдісі.<br>Үй тапсырмасын орындаған кез-келген оқушы. Орындыққа жайғасып, барлық сыныпқа үй тапсырмасын қалай орындағанын түсіндіріп береді.</td>
<td>Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша мадақтау, толықтыру жасау, бағыттау.</td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>ҚБ «Бағдаршам» арқылы бағалау. Оқушылар бағдаршамның түстерін белгілеу арқылы кері байланыс береді.<br>Оқу мақсатын таныстыру<br>Күтілетін нәтижені анықтау<br>«Отанға тілек» тақырыбында топтастыр, құрастыр.<br><br><br>(ЖЖ) «Құрастыр» айдары бойынша әр жұп «Кластер» немесе «Жүзімнің шоқтары» әдісі арқылы «Отанға тілек» тақырыбына кластер құрастырады.<br>Дескрипторы: 1.Отанына арналған тілектерін құрастырып жазады.<br>ҚБ: Смайлдар арқылы өзара бағалау.<br>(Т) «Құрастыр» айдары бойынша Бейбітшілік, тыныштық. Сызбаға арналған ақ парақтар 17 сөздерін пайдаланып бір-біріне жақсы тілек сөз айтады.<br>Дескрипторы: 2.Берілген сөздерді пайдаланып, бір-біріне жақсы тілек айтады.<br>ҚБ: Смайлдер арқылы өзара бағалау.</td>
<td>«Сұқ саусақ» стратегиясы</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>Ширату тапсырмасы (жұптық, ұжымдық жұмыс) «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі.<br>Әр оқушы өзі жайлы мағлұматтар жинақтап, тірек сөздер арқылы мәліметтер қорын толықтырады.<br>
<table>
<tr><td>Аты-жөні</td><td></td></tr>
<tr><td>Туған жылы</td><td></td></tr>
<tr><td>Еліне адалдығы</td><td></td></tr>
<tr><td>Ұрпағымыз</td><td></td></tr>
<tr><td>Жаңалық</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі<br><br>Тақтаға ілінген суреттер.</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Үйге тапсырма: К.Салықовтың «Отан» өлеңіндегі ойды жалғастырып, өлеңге бір-екі жол қосып жаз<br>Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда)<br>Оқушыларға «Білім шыны» кері байланыс постері түсіндіріледі. Стикерлер таратылады. Оқушылар өздері қалаған шың басына жабыстырады.<br><br></td>
<td>«Білім шыны» кері байланыс парағы</td>
</tr>
</table>



# ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ. САҒЫНЫШ САЗЫ (АҢЫЗ)

***ЖОЛДАСБАЕВА Бағила Сарсенбаевна,***
***Ж.А.Ташенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Арыс қаласы***

| | | |
|---|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 3.2.1.1Мәтінді дауыстап **түсініп**/рөлге бөліп/ мәнерлеп/ теріп оқу;<br>3.2.4.1 Өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау. | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** шығарманың мазмұнын түсінеді, жанрлық ерекшелігін біледі;<br>**Көптеген оқушылар:** аңыз мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, шығарманың жанрлық ерекшелігін анықтайды;<br>**Кейбір оқушылар:** шығарманың жанрын салыстырады, көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып өз ойын жеткізеді. | |
| **Бағалау критерийлері** | ✓ аңызды түсініп оқиды, мазмұндайды;<br>✓ мәтіннен қажетті ақпаратты тауып оқиды;<br>✓ аңыз мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>✓ аңызға қатысты өз ойын айтады;<br>✓ шығарманың жанрын ажыратады және салыстырады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар:**<br>Аңыз мазмұны туралы өз ойын айта алады. Аңыз бойынша сұрақтарға жауап бере алады. Аңыздағы бақшаны сөзбен суреттей алады.<br>**Пәнге қатысты лексика мен терминология:**<br>Шам шаһары, хауыз жанында, салалы сақалы, шалғай жаққа, туған жерім.<br>**Диалог құруға жазылымға қажетті сөздер топтамасы:**<br>Ол өз елінен байлық іздеп кетпеді, ...<br>Туған жерін кез келген адам сағынады, өйткені ... | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Жалпыға бірдей еңбек қоғамы. | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Берілген кейіпкерді суреттеп жазу барысында қазақ тілі, бейнелеу пәнімен байланыс пайда болады. | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта | |
| **Бастапқы білім** | Оқушылар атақты тұлғалар туралы біледі. Аңыз жанрының ерекшелігін біледі. | |
| | **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>**0-5 минут** | **Ширату тапсырмасы.**<br>Оқушыларды берілген сөздерді таңдау арқылы 2 топқа біріктіреміз.<br>1-топ: «Ақындар»<br>2-топ: «Ойшылдар»<br>Оқушылар сөздерді таңдап, ол туралы өз ойын айтады, топтарға бірігеді.<br>Сабақ тақырыбы және оқу мақсаттарымен таныстыру.<br>Оқушылармен Ережені, бағалау критерийін құрастыру немесе таныстыру.<br>Өтілген тапсырманы пысықтау<br>**«Аквариум» әдісі**<br>**Балықтарға жазылған сұрақтар.** | Сөздер жазылған парақшалар, интербелсен-ді тақта<br>Слайд<br><br>5 Т ережесі<br><br>Аквариум суреті<br>Балықтар |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>**20 минут** | **Ой ашар**<br>Білгір, дана, білімді, оқымысты -<br>Бір сөзбен қалай айтамыз?<br>**1-тапсырма**<br>**Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби туралы видеоны тыңдау.**<br>**«Даналық ағаш» әдісі** түрлі-түсті жапырақтарға сұрақтар жазылған, оқушылар жауап береді.<br>1. Әл-Фараби кім болған?<br>2. Ол қандай және неше тіл біледі?<br>3. Әл-Фараби қайда туды?<br>4. Ол қандай отбасында туды?<br>5. Әл-Фараби қайда оқыды?<br>6. Ол кімнің ізін қуған?<br>7. Әл-Фарабидің қандай еңбектері бар?<br>**Қосымша мәлімет: Әбу Насыр әл-Фараби -** Отырар қаласында 870 жылы өмірге келген. Ерте кезде арабтар Отырар қаласын Фараб деп атаған. Содан ұлы ұстаз Фараби аталып кеткен. Әл-Фараби Отырарда алғаш рет қыпшақ тілінде білім алған. Ол парсы, араб, түркі тілдерін меңгерген. Грекше, латынша білген. Дүние жүзінің ғалымдары оның ғұламалығын ерекше бағалап, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» деп атаған.<br>**Мәтінмен жұмыс**<br>Аңыз туралы видеоны тыңдау.<br>**Мәтінді іштей оқу**<br>**Сөздікпен жұмыс**<br>Шахар - қала<br>Ынтызарлық - сағыныш, құштарлық<br>Үрмет - атақ, даңқ, құрмет<br>Шайыр - суырып салма ақын.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>Түсініксіз сөздерді көркем жазу.<br>**(Т,ЖЖ) «Бір минуттық әңгіме» тәсілімен** жұпта әңгімелесіп, топтарға бөлініп, Әл-Фараби туралы ой қорытады. Топ алдына шығып сөйлейді.<br>**«Серпілген сауал» әдісі**<br>**Ойын: Шар жару**<br>Аңыз мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>Сұрақтар:<br>Әл-Фараби не жазды, сонымен қатар бос уақытында немен айналысты?<br>Бақшаны нелер сайрады?<br>Ол бақшада жатып жазған өлеңін неше жасында жазды?<br>**Саралау:** Тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтиже күтіледі. Тапсырманы орындау кезінде бірін-бірі тыңдап, толықтырады. Қабілеті төмен оқушыларға қолдау көрсетіледі.<br>**Топтық жұмыс**<br>**Топтастыру**<br><br>**(ҚБ) дескриптор бойынша бағалау.**<br>аңызды түсініп оқиды, мазмұндай алады;<br>мәтіннен қажетті ақпаратты тауып оқи алады;<br>аңыз мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады;<br>аңызға қатысты өз ойын айта алады; | Оқулықтың 41-бетіндегі Әл-Фараби суреті, ағаш, сұрақтар жазылған жапырақтар<br>Слайд<br><br>Оқулық 44-45-беттер, түсіндірме сөздік,слайд<br><br>Сырсандық<br>Дәптер<br>Слайд<br>оқулық, қосымша |

| | | |
|---|---|---|
| **15 минут** | шығарманың жанрын ажыратады және салыстыра алады.<br>**3-тапсырма**<br>**(ЖЖ, ОТ) «Суреттеу» әдісіне** сүйеніп оқушылар аңыздағы бақша суреттелген бөлікті тауып оқиды.<br>**Бақша суреттелген бөлік:**<br>Бақшадағы хауыз жанында, бағдат кілем төселген кілемше үстінде құс жастықты шынтақтаған ол ой үстінде отырады. Мәуе ағаштарының бұтағына қонған бұлбұл құстар сайрап тұр.<br>**Саралау:** тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірак әртүрлі нәтижелер күтіледі. Оқушылар бірге жұмыс жасап, ақпаратты іздеуге немесе өз идеяларын айтуға үйренеді. | Әбу Насыр әл-Фараби суреті<br><br>Слайд |
| **Сабақтың соңы**<br>**5 минут** | **(Ұ) Кері байланыс**<br>**«Желкенді қайық» әдісі**<br>Жасыл түс – барлығын толық оқыдым, түсіндім.<br>Қызыл түс – оқып үлгермедім, аңызды түсінбедім.<br>Сары түс – аңыздың кейбір тұстары түсініксіз болды. | Желкенді қайық суреті |
| **Саралау** | **Бағалау «Күн нұрлары»**<br>**Жаңбыр тамшылары** | **Қауіпсіздік техникасы-ның сақталуы** |
| ***Мақсат, Нәтиже, Жауап, Таңдау, Тапсырма бойынша саралау.*** | -«Жарайсың! Өте жақсы»<br>-«Қол шапалақтау» әдісі<br>-« Смайликтер» әдісі<br>-«Бір-бірін бағалау»әдісі | Топқа бөліну кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау |
| 2,3,4 тапсырма – «***Тапсырма бойынша саралау***» негізінде «Топтас-тыру», «Суреттеу», «Шар әңгіме» әдістер арқылы тапсыр-малары орындалады. | Өзін – өзі бағалау, мұғалімнің бағалауы, «Геометриялық фигуралар» әдісі | Демалыс кезіндегі қауіпсіздікті сақтау, өз заттарына ұқыптылық-пен қарау. |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы орнады ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? | | |
| **Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?** | | |

# "МАХАМБЕТТІҢ БАЙМАҒАМБЕТКЕ АЙТҚАНЫ" ТОЛҒАУЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯСЫ



*ЕСЕНБЕКОВА Написа Абдихадировна,*
*№137 жалпы орта білім беретін мектебінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*
*Шымкент қаласы*

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 9.2.1.1 Эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау. |
| **Сабақтың мақсаты:** | эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдауды үйренеді. |
| **Құндылықтарға баулу:** | «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбек етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы Қызығу-шылықты ояту. 7 мин.** | **(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:** 1.Оқушыларды түгендеу. 2.Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру **«Алақанға хат жазу»** **Топтарға бөлу**. Махамбеттің өмірі мен шығармашылығын еске түсіруге арналған тапсырмалар. (Махамбеттің өміріне қатысты жылдар, есімдер, жазылады, түсіндіріледі, өлеңдерінің тақырыбы, мәнерлеп оқу) | **Мақсаты:** Оқушылар мұғалімнің нұсқауы бойынша 3топқа бірігеді. Оқушылар тобымен кластер құрады. Оны басқа топтарға таныстырады. **1-тапсырма** **«Мені түсін» әдісі** **Дискриптор.** **1.Тобыңмен кластер құра** **2.Кластерді басқа топтарға таныстыр** **1-топ.** «Жылдар сөйлейді» 1803,1836,1837,1838,1846,2003(жылдар бойынша сөйлейді). **2-топ.** «Тұлғалар». Өтеміс Исатай, Жәңгір хан, Баймағамбет сұлтан, Карауылкожа. **3-топ.** «Ақын өлеңдері». «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн», «Жалғыздық», «Тарланым», «Соғыс», «Мен құстан туған құмаймын. Сол арқылы топтарға бөлінеді, әрі үй тапсырмасы тексеріледі. **Хронологиялық кестені толтырады. Махамбет кім? Топтастыру.** | **Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі. | Оқулық, жұмыс дәптерлері 1-топ **«Жылдар сөйлейді»** 2-топ « **Тұлғалар»** 3-топ **«Ақын өлеңдері»** **ҚБ:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Жаңа сабаққа кіріспе**<br> | **XIX ғасырдың I жартысында қандай тарихи оқиға болды? Шаруалар көтерілісінің шығу себебі не?**<br>**«Миға шабуыл»** Бір-біріне сұрақтар қояды.<br>Сыныптастырының пікірін толықтырады.<br>Өз ойымен бөліседі.<br>*Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға* | **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады. | Оқулық, мәтіндер |
| | *сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.* | | |
| **Сабақтың ортасы Мағынаны ашу.**<br>**26 мин.** | Оқушылар толғауды мұқият тыңдайды.<br>Балалардың алдына Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны өлеңі таратылып беріледі. | ***Дескриптор: Жалпы - 3 балл.*** | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, т.б. |
| <br><br><br> | **№2-тапсырма:**<br>**«Оқиға сатысы»** әдісі бойынша<br>Толғауға композициялық талдау жасау. Оқиға желісін өзіндік тұрғысынан дамытып жазады.<br>1.**Оқиғаның басталуы:**<br>Аталы баланың атқа қонуы. Өтемістен туған он екендігі.<br>2.**Оқиғаның дамуы**:<br>Еділ мен Жайық үшін күрескен айқас. Қара қазақ баласын хан ұлымен тең көруі.<br>3.**Шиеленісуі:**<br>Еділ мен Жайық қонысынан айрылған кедей шаруаның күйі. Жай қоныстан айрылып, жалғыздықты кешкен Махамбет.<br>4.**Шарықтау шегі**:<br>Батырдың дұшпанға қылыш сермеуі. Баймағамбет сұлтанның озбырлығына халық атынан сөйлеп сес көрсетуі.<br>5.**Шығарманың шешімі:**<br>Залым төреге қаймықпай сөйлеген өр рухты ақын.Тәуекелге бел байлаған батыр.<br>**Дескриптор:**<br>Өлеңнің композициялық құрылысына талдау жасайды.<br>Толғаудағы оқиға желісін өзіндік тұрғысынан дамытып жазады.<br>**«Теңгерім дөңгелегі» арқылы мына сұрақтарға жауап берейікші.**<br>**Толғауды композициясына талдадық.**<br>Махамбет пен Баймағамбетті салыстырып екі бағанға жазыңдар. Махамбет қай қырынан көрінген батыр? Махамбетті сол заманның нағыз батыры деп айтуға болады. Халық атынан сөйлеген өр рухты батыр.<br>Баймағамбет қандай кейіпкер? Залым төре, қара басынның қамын ойлаған би сұлтан. | ***Дескриптор: Жалпы – 4 балл.***<br><br><br>**Эпикалық шығарма деген не?** Шағын көлемді, орта, кең көлемді болып келеді.<br>**Шағын**: әңгіме, ертегі, аңыз<br>**Орта: көлемді:** | Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, т.б.<br><br><br>ҚБ<br><br>«Үш шапалақ»<br>Оқулық, жұмыс дәптерлері, ДК, т.б.. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3-тапсырма:**<br>**«Үш қадам»** кестесіне негіздеп, шығармаға дәйектеме талдау жасаңыз.<br>**1-топ**<br>**1.Шығарманың эпикалық кезеңін сипаттаңыз.**<br>Толғау түрінде жазылған көркем туынды. Өйткені орта көлемді эпикалық шығарманың түрі.<br>**2-топ**<br>**2.Поэтикалық тіліндегі көркемдгіш құралдарға мысалдар келтіріңіз. (эпитет, метафора, ассонанс, аллитерация)**<br>**3-топ**<br>**3.Ақын толғауынан драматургиялық кезеңді білдіретін өлең жолдарын толғаудан тауып жазыңыз.**<br>**Дескриптор:**<br>Өлеңнің эпикалық, поэтикалық, драмалық сипатын табады.<br>Көркемдегіш құралдарды тауып мысал келтіреді. | | поэма, повесть, дастан, толғау<br>**Кең көлемді:** роман, эпопея<br><br>**Поэтикалық тілі** деген не? Әдебиеттегі бейнелеу құралдарының, поэтика көркемдік құралдар тілін зерттейтін ғылым ретінде танылады.<br><br>**Драматургия** деген не? Драма оқиға, тартыс, кейіпкерлер әрекеті арқылы дамиды. Көркем шындықты ерекше тартыстар желісіне жинақталады. Мұнда баяндау болмайды Тек тартыс, оқиға желісі арқылы дамиды.<br>**Дескриптор:**<br>**Жалпы-3 балл** | Тапсырма Оқушыларға беріледі<br><br>Мұғалім оқушыларды “Басбармақ” әдісі арқылы бағалайды.<br><br>Жарайсың!<br>Жақсы!<br>Талпын! |
| **Сабақтың соңы**<br>**Ой толғаныс. Рефлексия**<br>**7 мин.**<br> | Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br><br>***Мақсаты:***Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>***Тиімділігі:***Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді. | Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды. | **Кері байланыс “Зерде”** |  |



# СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС. СЫРЫМ ДАТҰЛЫ КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАНДАЙ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫ КӨЗДЕДІ?

*АСАНОВА Гульмира Тасбулатовна,*
*М.Мәметова атындағы №6 жалпы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі.*
*Түркістан қаласы*

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 7.3.1.6 Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру. |
| **Сабақтың мақсаты** | Бұл сабақ арқылы оқушылар Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөлін анықтайды. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдас-тыру Өзін-өзі тексеру**<br><br>**Өткен білімді еске түсіру. 10 мин** | - **Ұйымдастыру кезеңі** (Сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Топтастыру, топ басшысын сайлау. Бағалау тәсілін түсіндіру. Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады)<br>**Үй тапсырмасы: «Сиқырлы мозайка» әдісі**<br>«XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы»<br>(Оқушы өз таңдауы бойынша кез келген сандарды таңдап, басқа оқушының айтқанын қайталамай өз түсінігімен баяндау) | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу | Мадақтау | Тақырыптық жазба |
| **Жаңа білім**<br><br>**25 мин** | **Жаңа сабақ:**<br>**«Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс»**<br>**Мұғалімнің түсіндірмесі:** (Тірек сызбасы арқылы)<br>-Сырым Датұлы туралы ақпарат<br>-Ұлт-азаттық қозғалысқа мәлімет<br>-Хронологиялық түсіндірме<br><br>**Терминдік сөздермен жұмыс:**<br>**« Білгенге маржан » әдісі**<br>(Үш тілде аударма жасау)<br>**Қазына -** түрлі бағалы заттар, дүние-мүлік, материалдық байлық.<br>**Расправа** – Кіші жүздегі ру ақсақалдары кіруге тиісті болған отарлау жүйесінің әкімшілік органы.<br>**Старшын** – ру басшысы.<br>**Оқулықпен жұмыс: «Бәрі бәрі. Сұраққа жауап менен. Менің таңдауым» әдісі**<br>**1-топ**<br>-Көтерілістің шығу себептері<br>-Ұлт-азаттық көтерілістің алғашқы кезеңі<br>**2-топ** | **Дескриптор:**<br>-Сырым Датұлының тұлғалық қасиетін сипаттайды.<br>-Кіші жүз қазақтары көтерісінің себебін анықтайды.<br>Мәтінмен жұмыс<br>Мәтіннен негізгі идеяны анықтайды.<br>**Дескриптор:**<br>Көтерілістің себептерін, мақсатын, қозғаушы күштерін, уақытын, көтеріліс басшысын атайды.<br>**Дескриптор:**<br>Көтеріліс қамтыған негізгі аймақтар мен елді мекендерді анықтайды;<br>Көтеріліс барысындағы негізгі тұлғаларды анықтап, олардың рөлін түсіндіреді;<br>Көтеріліс барысындағы | **ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.<br><br>«Ең үздік жауап»<br><br>«Басбармақ» | Сырым батыр (KZ). Деректі фильмі. (0.43-2.24. мин)<br><br>Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық. III т. – Алматы: «Атамұра», 2010 ж., 220-234 бб.<br><br>Вяткин М. Батыр Сырым. – Алматы: «Санат», 1998. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. 8 сынып. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Көтерілістің жетекшісі және қозғаушы күштері<br>-Барон Игельстромның реформалары және кіші жүзде хан билігін жою әрекеттері<br>**3-топ**<br>-Ұлт-азаттық көтерілістің ақырғы кезеңі<br>-Көтерілістің жеңілу себептері<br>**Сергіту сәті: «Ой шебері»** (Тәуелсіздік, Отан, Ел, Жер туралы мақал-мәтелдерді **допты** қағып алған оқушы айтады)<br>**Топтық жұмысы:**<br>**«Ойлы болсаң тауып көр» әдісі**<br>1-топ: Сематикалық кесте<br>2-топ: Сәйкестендіру кестесі<br>3-топ: Ақиқат не жалған кестесі | басты оқиғаны анықтап, оның маңызын талдайды. | | Қазақстан тарихы., Атамұра, 2012. Сырым батыр (KZ). Деректі фильмі. http://e-history.kz/kz/video/view/117#scontent |
| **Бекіту**<br><br>**8 мин** | **Сабақты қорытындылау: «Кім біледі?» әдісі** (дарынды және баяу қабылтайтын оқушымен жұмыс. Мысалға дарынды оқушы **кубиктегі** жылдың бірін алып, саралап кеңінен мәлімет береді)<br>**1783-1797**ж -<br>**1782-1783** ж -<br>**1785**ж -<br>**1786 ж-**<br>**1784 ж-**<br>**1792** ж -<br>**1797**ж -<br>**1801** ж –<br>**1802**ж-<br>**Бағалау:**<br>(Топ басшысы топ мүшелерін қалай бағалағандығын айтады)<br>**Үйге тапсырма**<br>Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы білімді жинақтап, баяндау. | Сабақтың тақырыбын қорытындылау.<br><br>Жылдарға назар аударып, есте сақтайды. | «Ең үздік жауап» | Ақпараттық карточка. Кубик |
| **Кері байланыс**<br>**2 мин** | Жетістік сатысы | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін айтады | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды | А4, конспект |

# Тригонометриялық өрнектерді теңбе-тең түрлендіру



***ОРЫНБАСАР Мөлдір,***
***№69 "Бескепе" негізгі орта мектебінің математика пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Сайрам ауданы***

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 9.2.4.8 Тригонометриялық өрнектерді теңбе-тең түрлендіруді орындау. |

| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар**: Тригонометриялық өрнектерді теңбе-тең түрлендіруді біледі;<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** Тригонометриялық өрнектерді теңбе-тең түрлендіруді орындайды.<br>**Кейбір оқушылар:** Тригонометриялық өрнектерді теңбе-тең түрлендіруді есептер шығаруда колданады. |
|---|---|

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақ кезеңі/ уақыты** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**Қызығу-шылықты ояту**<br>**Ұжымдық жұмыс**<br>**5 минут** | І.Ұйымдастыру кезеңі.<br>Сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеру.<br>Сабақты жағымды ахуалдан бастау.<br>ІІ.<br>**1/Слайдпен көрсетіледі.**<br><br>**3-білім алушы кезекпен айтады**<br>Өзіңді тану – ғаламды тану,<br>Жақсы менен жаманды тану.<br>Өзіңді — өзің талқыға салып,<br>Адал менен арамды тану.<br>Қателігіңді түсіне білу,<br>Дұрыс жүріп, күтіне білу.<br>Үлкенді сыйлап, кішіні сүю,<br>Күлетін жерде жөнімен күлу.<br>Сабақты оқып, тәртіпті болу,<br>Білімді жинап, дүниені шолу.<br>Өзіңді өзің тану дегенің,<br>Өз бойыңдағы мініңді жою. | Шаттық шеңберін құрып «Өзіңе тілегенді, өзгеге тіле»! әдісі арқылы бір-біріне тілек айтып, жақсы көңіл-күй сыйлайды.<br>**Мақсаты:** Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.<br>**Тиімділігі:** Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл-күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | Мұғалім ұйымдасты-ру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды **«Мадақтау сөз» әдісі** арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!» | Слайдтар |
| **Миға шабуыл «Ой қозғау» әдісі**<br><br>**Сабақтың ортасы**<br>**30 минут** | **2/Слайдпен көрсетіледі.**<br>Талапты ерге нұр жауар!<br>Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды!<br>Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі!<br>Татулықтың арты – кеніш, ұрыстың арты – реніш!<br>Тыныштық пен тоқшылық – тату елге нәсіп!<br>**3/Слайдпен көрсетіледі.**<br>Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді.<br>1) $cos^2a + sin^2a = 1$<br>2) $tga = \frac{\sin a}{\cos a}$<br>3) $ctga = \frac{\cos a}{\sin a}$<br>4) $tga \cdot ctga = 1$<br>5) $1 + ctg^2a = \frac{1}{sin^2a}$<br>6) $1 + tg^2a = \frac{1}{cos^2a}$ | Білім алушылар білетін нақыл сөздерін айтады, соңынан дайындалған нақыл сөздерді тақтадан оқиды.<br>**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады.<br>Тақтаға жазады, дұрыс-бұрыстығын саралайды. | Дескриптор:<br>-формуланы тұжырым-дайды;<br>-тепе-тең түрлендіреді. | |
| | **4/Слайдпен көрсетіледі.**<br>**Жақсылық қылсаң өзіңнен**<br>2016 жылы көктем айында гүл көшеттерін алу үшін Шымкент қаласына бардым, таңдай жүріп бір әйел адамнан гүл көшеттерін алдым ...<br>Сондағы әлгі әйел адамның маған | Түсінбеген тапсырмаларды бір-біріне түсіндіреді.<br>Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, талдау | **Дескриптор:**<br>-формуланы тұжырымдай ды;<br>-өрнекті ықшамдайды.<br>**Бағалау:** | 9 сынып, Алгебра А.Әбілқасы мова, В.Корчевск ий, З.Жұмағұло |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сергіту сәті**<br>**Сандар сыры**<br>**1-9 минут** | айткан **әлі де жақсы адамдар бар екен ғой аман болыңыз деген** сөзі үнемі жадымда жүреді.<br>Әлгі әйелдің сөзінен соң мұндай жақсы қасиеттерімді, адалдығымды мұнан да көп көбейтуге тырыстым.<br>**Ендеше көбейту, бөлу амалдарын колданып мына бір өрнектерді ықшамдайық.**<br>1) $\frac{1-\sin^2\alpha}{\cos^2\alpha}$ 1) $\frac{1-\cos^2\alpha}{1-\sin^2\alpha}$<br>2) $(ctg^2\alpha+1)\cdot\sin^2\alpha-\cos^2\alpha$ 2) [illegible]$^2\alpha(\sin^2\alpha-1)$<br>Әр пән, мамандық иесін толықтай болмасада тәрбиесін, танымын өзгертуге ықпал етеді.<br>Математика пәні адамды туралыққа, дәлдікке, әсемдікке тәрбиелейді.<br>**5/Слайдпен көрсетіледі.**<br>Ауызша да айтылады.<br>**6/Слайдпен көрсетіледі.**<br>**«Бес құндылық»**<br>Қиянат – жасамау рухани деңгей.<br>Ақиқат – интеллектуалдық деңгей.<br>Сүйіспеншілік – адамгершілік деңгей.<br>Тыныштық – эмоциялық деңгей.<br>Дұрыс әрекет – физикалық деңгей. | **жасайды.**<br><br>Білім алушылар кезекпен оқиды. | Әрбір дұрыс жауапка 1 балл койылады. | ва<br>Алматы<br>«Мектеп»<br>2019 |
| |  | Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, талдау жасайды.<br>**Мақсаты:** Берілген сөздердің ережесі мен мысалын жазу арқылы бір-бірінен айырмашылығын ажыратады.<br>**Тиімділігі:** Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысы мен жазылым дағдысы қалыптасады. | **Дескриптор:**<br>-формуланы тұжырымдай-ды;<br>-косынды түрінде жазады.<br>**Бағалау:**<br>Әрбір дұрыс жауапка 1 балл койылады. | 9 сынып.<br>Алгебра<br>А.Әбілқасымова,<br>В.Корчевский,<br>З.Жұмағұлова<br>Алматы<br>«Мектеп»<br>2019 |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**Ой толғаныс**<br>**Рефлексия**<br><br>**10 минут** | Сабақты қорытындылау:<br>**«Жалғасын тап» әдісі** арқылы сабақты қорытындылаймын:<br>sin α + β = ...<br>sin α -β = ...<br>**Үйге тапсырма беру: №**<br> | Оқушыларға **«Білім сандығы»** кері байланыс парағы таратылады.<br>Оқушылар өздері белгілейді.<br>**Мақсаты:** Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау.<br>**Тиімділігі:** Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.<br>**Саралау:** Бұл тапсырмада саралаудың **«Қорытынды»** тәсілі көрініс табады. | Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігіне карай «Мадақтау сөздері» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды.<br>Жарайсың!,<br>Керемет!,<br>Жақсы!,<br>Талпын! | ДК экраны слайд |



# Metabolism. Formation of acetyl-CoA. Function of mitochondria during cellular respiration

*ОРЫНБАЕВА Гүлнар Әубәкірқызы,*
*Абай атындағы жалпы орта мектебінің биология пәні мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Сауран ауданы*

| | |
|---|---|
| **Сабақ барысында мақсатқа жету (сабақ жоспарынан сілтеме) During the lesson, the goal to achieve** | Name the types of metabolism;<br>Describe the stages of metabolism;<br>Establish the relationship between the structure of mitochondria and the processes of cellular respiration. |
| **Сабақтың мақсаты: Lesson objectives** | Биологиялық терминдер мен ұғымдар туралы толық білім алу үшін жағдай жасау;<br>Биологиялық терминдердің ағылшынша атауларын үйрету. |
| **Бағалау критерийі: Evaluation criteria:** | Қатысушылар биологиялық терминдер мен ұғымдардың ағылшынша, орысша және қазақша атауларын жатқа айта білуіне байланысты бағаланады;<br>Әрбір карточкада көрсетілген суреттердің атауларын ажырата біледі, оларды ағылшынша атай алады. |
| **Дағдылар** | Қолдану, талдау |
| **Тілдік мақсаттар: Language objectives:** | Оқушылар берілген мәтінді, тапсырманы түсініп оқиды. Берілген тапсырмаға қорытынды жазады. Жазылған қорытындысын сынып алдында жеткізе алады.<br>Сабақ барысында қолданылатын сөздермен жұмыс жасау.<br>Термин сөздер:<br>**To use new terminology during the lesson**<br>constituent - құрайтын / составляющая;<br>fatty acids - май қышқылдары / жирные кислоты;<br>heat - жылу / тепло;<br>to accelerate - жылдамдату / ускорять;<br>to break down - ыдырату / разрушать;<br>to demand - талап ету / требовать;<br>to describe - сипаттау / описать;<br>to perform - орындау / выполнять;<br>to store - сақтау / хранить.<br>acetyl group - ацетил тобы / ацетильная группа;<br>ancient - ескі / древний;<br>carrier - тасымалдаушы / переносчик;<br>due to - үшін / из-за;<br>phosphorylation - фосфорлану / фосфорилирование;<br>pyruvate oxidation - пирожүзім қышқылының тотығуы / окисление пирувата;<br>summary - жиынтық / краткое изложение;<br>to combine - қосу / объединять;<br>to reduce - тотықсыздандыру / восстанавливать;<br>to remove - шығару / выводить;<br>to split - бөлу / разделить. |
| **Тәрбиелік құндылықтар** | Достық қарым-қатынас,<br>Өзге тілдің бәрін біл – өз тіліңді құрметте! |
